

СЕГІЗГЕ АЯҚ БАСҚАНМЫН



Күнделікті өмір ағымы қаншалықты өзгермелі болса, адамның көңіл-күйі де еріксіз соған ілесіп отырады. Тек қана сәттілік пен қуаныш, табыс пен жетістік сыйлайтын күндер жиі кездесе бермейді. Көңілдің осындай қағажу сәттерінде серпіліс іздегендей болып өзіңе ыстық көрінетін жайтқа жүгінетінің бар. Менің өзім үшін сондай қадірлі нәрсе – анамның өміріне қатысты, оның көзіне айналған заттар. Олар онша көп те емес. Бірақ былғары папкадағы сарғайған газет беттерінің, оның бейнесі әр қилы көрініс берген фотосуреттердің, қолтаңбалардың, хаттардың әрбірі оның өмірінен үзік-үзік сыр шертеді.

Әрбір сөзі, әрбір қимылы, ән салғаны мен жымығаны еміс-еміс есімде.

Мен оны «маматайым» дейтінмін. Сегізге қарай аяқ басқанымда дүниеден қайтты. Бар-жоғы жеті жарым жыл ғана бірге өмір сүріппіз. Енді ойлап отырсам, бақытты шағым, арманым да сол жылдар екен. Бала көкірегі саңылаулы келеді ғой, не нәрсені де тез қабылдайды. Сол аз жылдардың өзі-ақ көп нәрсені көңіліме тоқып кетіпті.

...Әлі есімде, біз, аула балалары, кешкісін есік алдында өз қадери-халімізше «концерт» қоятын едік. Көрермендеріміз бен жанашырларымыз аз болмайтын. Соның ішінде бәріміз үшін маматайымның орны бөлек-ті. Қазір ойлап отырсам таңғаламын: қалайша ойын балаларының осы бір алаңсыз қам-қарекетіне уақыт табатынына және соншама шын пейілімен тыңдаушы болатынына?! Бүгінде еріксіз бас шайқауға тура келеді.

Біз де бар өнерімізді ортаға саламыз. Ол кісінің жымыя бас изеп құптауы немесе алақан соғуы әрбіріміз үшін сыйлықтың үлкені еді.

Менің бишілік өнерді таңдауыма да ол үлкен әсер еткен еді. Айтпақшы, анаммен бірге спектакльде ойнағанымды айта кетейін. 1955 жылдары ол кісі «Алтыншаш» операсында басты рөлді сахнаға алып шыққанда, спектакльде Алтыншаштың ормандағы монологі берілетін. Сол ормандағы кішкентай аңдардың бірін мен бейнеледім. Ес білгелі анам ойнаған спектакльдердің бірде-бірінен қалмаған мен үшін оның әрбір рөлі сырлы әлемдей сезілетін.

Бүгін опера сахнасына шығатын күн біздің үй үшін үлкен мейрамдай саналатын. Ерте бастан жинала бастаймын. Бірақ қанша бала болсам да, маматайым спектакльде ойнайтын күні үйде тыныштық сақталуы керек деген қағиданы бұзбаймын. Әдеттегі асыр-түсір ойынды қойып, аяғымның ұшынан басып жүремін. Жоқ, анам қатал емес-ті. Әсіресе, мен дегенде шығарда жаны бөлек еді. Бірақ мен соны малданып, ол кісінің мазасын алуды жөн

көрмейтінмін. Оным – қорыққандығым емес, ол кісіні сыйлағаным, өнерді сыйлағаным болуы керек.

Жоғарыда айтып кеттім, менің бишілік өнерді таңдауыма себепкер болған сол кісі деп.

Жеті жасқа толғанымда жетелеп, би өнері саласының үлкен маманы, хореография училищесінің көркемдік жетекшісі А.В. Селезневке ертіп әкелді.

– Александр Владимирович, мына қызымның аяқ алысын байқап көріңізші? Би өнеріне бейімдеу секілді. Ыңғайы бар болса, оқуға берерміз! – деді.

Сонымен бір жылдай сонда оқыдым. Анам қайтыс болған соң Москвадағы хореография училищесіне ауыстырылдым.

...Концерттік программалармен талай рет шет елдерде гастрольдарда болдым. 1980 жылы Москвадағы Үлкен академиялық театр группасымен бірге «Жизель» операсында басты партия – Жизельді ойнадым. Ұлттық балеттеріміз: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақсақ құлан» және тағы басқаларында басты партияларды алып шықтым. Есте қалар жайлар көп-ақ. Соның бірі – 1968 жыл. Анамның сүйікті операсы «Қыз Жібек» операсының мыңыншы қойылымы болды. Сонда мен үшінші актіде Жібектің түсіндегі Жібек рөлін билеп бердім. Қадірлі ана өнері мен өмірінің жалғасы барын тұңғыш рет сол кезде қатты сезінген едім.

Халық үшін қызмет ету, оған қуаныш, бақыт сыйлау – анамның басты мақсаты болатын. Сол мақсат маған да ортақ.

*Лениншіл жас. – 1982. – 13 наурыз.*